



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №39 (9593) 27 қыркүйек 2024 ж.

Референдум



Энергетика тапшылығының алдын алу тиімді

Елімізде атом электр стансасын салу мәселесі бойынша өтетін маңызды референдум қарсаңында республикалық штаб мүшелері, ҚР Сенат депутаттары Ғалиасқар Сарыбаев, Амангелді Толамисов, Мәжіліс депутаты Руслан Қожасбаев, облыстық штаб мүшесі, облыстық мәслихаттың хатшысы Гүлнар Тойлыбаева Сарқан ауданына келіп еңбек ұжымдарымен және қоғам өкілдерімен кездесулер өткізді.

Сапар барысында «Жанұя» отбасын қолдау орталығының, Сарқан политехникалық колледжінің және «Арлан» ШҚ ұжымдарымен жүздескен халық қалаулылары АЭС салудың қажеттілігін және оның ел үшін мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі түсіндірді.

«Жанұя» отбасын қолдау орталығында өткен кездесуде Амангелді Толамисов АЭС салу Қазақстанның энергетика саласында үлкен перспективалар ашатынын атап өтті.

«Атом энергетикасы – бұл тек сенімді энергия көзі ғана емес, сонымен қатар еліміздің ұзақмерзімді энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудің бір жолы. Климаттың жаһандық өзгеруі жағдайында біз электр энергиясын өндірудің таза әрі қауіпсіз шешімдерін іздеуге міндеттіміз», — деп атап өтті депутат.

Оның айтуынша, атом электр станса-

сы бүгінде еліміздің энергия қажеттілігінің 70%-ға жуығын қамтамасыз ететін, бірақ сонымен бірге қоршаған ортаға елеулі зиян келтіретін көмір электр станцияларына тәуелділікті айтарлықтай төмендетеді. АЭС-тің іске қосылуы көмірқышқыл газының және басқа да ластаушы заттардың шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді, бұл Қазақстанның климаттың өзгеруімен күреске қосқан маңызды үлесі болмақ.

Сонымен қатар Амангелді Ғабдылкерімұлы жобаның экономикалық артықшылықтарына да назар аударды.

«АЭС құрылысы жаңа жұмыс орындарын ашып, инвестициялар тартып, жергілікті мамандардың біліктілігін арттырады. Сонымен қатар бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді, бұл электр энергиясына деген сұраныстың артуы жағдайында өте маңызды», — деді ол.

Кездесу барысында тек техникалық және экономикалық аспектілер ғана емес, сонымен қатар азаматтардың ең көп алаңдаушылығын тудыратын қауіпсіздік мәселелері де талқыланды.

«Мұнда халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін және қауіпсіздіктің ең жоғары деңгейіне ие 3+ буынның жаңа АЭС-терін салу туралы сөз болып отыр. Бұл стансалар кез келген төтенше жағдайларда адамдардың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы жобаланған», — деп түсіндірді сенатор.

Оның айтуынша, 3+ буынды АЭС-терінде адамның қатысуынсыз жұмыс істейтін және сыртқы энергия көздеріне тәуелді емес пассивті қауіпсіздік жүйелері бар. Бұл тіпті ең төтенше жағдайларда да қосымша қорғанысты қамтамасыз етеді.

«Қазақстанда мұндай атом электр стансасын сәтті салу және пайдалану үшін қажетті табиғи да, технологиялық та ресурстар бар. Бұл жоба тек экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар біздің технологиялық жаңғыртудың символы болмақ», — деп өз ойын білдірді Гүлнар Қожағұлқызы.

Кездесулер қатысушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды, олар белсенді түрде сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді. Қонақтар осындай басқосудың маңыздылығын атап өтіп, алдағы референдумда әр дауыс елдің болашағы үшін маңызды екенін жеткізді. Сонымен қатар сенатор Ғалиасқар Сарыбаев Сарқан политехникалық колледжінің ұжымымен емен-жарқын әңгіме өрбітсе, мәжілісмен Руслан Қожасбаев болса Черкасск ауылының тұрғындарымен жүздесті.

Энергия өндірісіндегі іркіліске жол беруге болмайды. Өзін энергиямен неғұрлым еркін қамти алған ел даму үдерісінде кібіртектемейді. Кездесулер барысындағы сөздің түйіні осы.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Бұл қажетті қадам

Әлемнің даму жылдамдығы атом электрстанциясының қажеттілігін тудырып отыр. Расында да АЭС ұзақ мерзімді экологиялық тәуекелдерді барынша азайтатын технологияларды пайдаланатын көрінеді. Сондықтан да алдағы межелеген ауқымды құрылысты қажетті қадам деп есептеймін. Бағамдап қарасақ радиоактивті қалдықтар қауіпсіз қалыпта сақталып, өңделеді екен, ал қауіпсіздік жүйелері олардың қоршаған ортаға таралуына жол бермейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің қос палатасында АЭС салу жоспарын ұсынды. Сайлаушылар қазанның 6-сында жергілікті жердегі сайлау учаскелеріне барып, өз таңдауларын жасайды. Бүгінге дейін референдум туралы ақпарат шартарапқа тарап үлгерді. Аудандық штаб мүшелері, аудандық ардагерлер ұйымының алқасы жұртшылық арасында осы өзекті мәселені талқылауға бастамасы болып келеді.

Аудандық ардагерлер ұйымы 11-қыркүйектегі кеңейтілген отырысында АЭС құрылысын салу жөніндегі мәселені қарап, атом электр станциясының құрылысын өз мемлекетімізде салуды қолдайтындарын білдірді. Мамандардың сараптауынша АЭС тиімді. Қазақстан міндетті түрде атом энергетикасын дамыту керек. Неге? Өйткені бейбіт атомды мақсатты пайдалану тек электр қуатын өндіру емес. Ядролық медицина, өнеркәсіптік қажеттіліктер үшін радиоизотоптар өндіру - уақыт талабы.

Қазірдің өзінде Қазақстан электр қуатының тапшылығына тап болуда. Сол тапшылықты көршілес елдерден сатып алып еңсеріп келеміз. Бұл тәуелділік. Халық санының өсуі электр энергиясына тәуелділікті одан әрі үдете түспек. Сол мақсатта бізге АЭС құрылысын салудың аса қажеттілігі туындап отыр. Мұны, әрине, қалың жұртшылық қолдайды деп сенеміз.

Қ.ЖАНАСБЕКОВ,
Сарқан аудандық «Ардагерлер Ұйымы» филиалының төрағасы.

БАСПАСӨЗ - 2025

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгіні және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе **SARQAN** газетіне келер жылға жазылыңыз!

Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі. Оқырмандар үшін редакцияға келіп газеттің электронды нұсқасына (PDF форматына) жазылу мүмкіндігі бар.

Жеке жазылушылар үшін индексі 65202, жылдық бағасы - 4000 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі 15202, жылдық бағасы - 5000 теңге.

Зейнеткерлер үшін индексі 35202, жылдық бағасы - 3000 теңге.

✓
6 қазан
октябрь

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

РЕФЕРЕНДУМ

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

www.election.gov.kz

ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ ЕҢСЕЛІ БОЛУҢЫН ҚАЛАЙДЫ

Референдум қарсаңында аудандық штаб мүшелері еңбек ұжымдарында болып, маңызды қадам туралы ой бөлісті. Халық ел энергетикасының болашағын анықтайтын таңдау алдында тұр.

Қыркүйектің 18-інде аудандық халықтық штаб мүшелері Сарқан қаласындағы «Құлыншақ» бөбекжай-балабақшасының еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Кездесуде АЭС не үшін қажет екенін түсіндіріп өз таңдауларын дұрыс жасауға шақырды штаб мүшелері. «Құлыншақ» бөбекжай-балабақшасының ұжымы штаб мүшелеріне түсіндіру жұмыстарын жүргізгені үшін алғыс білдірді.

Қыркүйектің 19-ында аудандық халықтық штаб мүшелері №1 гимназия мектебінің ұстаздарымен кездесу өткізді. АЭС еліміздегі өндірісті және көптеген мәселелер бойынша ғылыми зерттеулерді жаңа деңгейге көтере алады. Бұл туралы аудандық халықтық штаб мүшелері мектеп ұжымымен кездесу барысында айтты.

Кездесу барысында штаб мүшесі Сания Елюбаева атом электр станциясының мемлекеттің дамуына әсер ететін факторларын егжей-тегжейлі түсіндірді. Ол АЭС-тың еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мен экономикасына қосар үлесі туралы сөз қозғап, жаңа жобалардың артықшылықтарын атап өтті. 6 қазанда өтетін референдумға қатысып өз таңдауын жасауға шақырды.

Сол күні аудандық халықтық штаб мүшелері Сарқан аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өткізді. Кездесу барысында штаб мүшесі Күлшарбан Қалиева атом электр станциясының мемлекеттің дамуына әсер ететін факторларын егжей-тегжейлі түсіндірді. Ол АЭС-тың еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мен экономикасына қосар үлесі туралы сөз қозғап, жаңа жобалардың артықшылықтарын атап өтті.

«Қазақстанның энергетикалық секторы елімізде өндірілетін барлық электр энергиясының шамамен 70 пайызын қамтамасыз ететін көмір электр станцияларына тәуелді. Алайда, бұл модель күрделі мәселелерге тап болуда. Біріншіден жұмыс істеп тұрған станциялардың тозу деңгейі 70 пайызға жетсе, екінші жағынан елімізде электр энергиясын тұтыну жыл сайын өсіп барады. АЭС аталған мәселелерді шешудің дұрыс жолы деп айтуға болады», - деді Күлшарбан Мырзабайқызы.

Қыркүйектің 20-сында халықтық штаб мүшесі Қарғалы ауылының тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесу барысында әлемнің әртүрлі елдеріндегі атом электр станцияларын пайдаланудың көп жылғы тәжірибесі олардың адамдарға және табиғатқа зиянын тигізбейтінін растайды. Ғалымдар ірі жылу электр станциясы аймағындағы жеке сәулелену дозалары атом электр станциясының жанындағы ұқсас дозадан 5-10 есе артық екенін эксперименталды түрде анықтады. Бұл энергия көзі жаңартылатын энергия көздерімен салыстырғанда ең экологиялық таза болып табылатыны туралы түсіндірілді.

Сол күні халықтық штаб мүшелері Сарқан көп салалы колледжінің ұжымымен кездесу өткізді. Кездесу барысында Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көміртегі бейтараптығына жету жолдары және АЭС құрылысының артықшылықтары туралы сөз қозғалды.

Штаб өкілдері атом электр станциясының көміртегі шығындарын азайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аймақтық инфрақұрылымды дамытуға қалай ықпал ететінін атап өтіп, ұжымды бір адамдай 6-қазанда өтетін референдумға келіп өз таңдауларын жасауға шақырды.

Сол күні аудандық халықтық штаб мүшелері Абай ауылының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Жылдан жылға өсіп келе жатқан энергия қуатының тапшылығы жаңа өндірістердің қосылуына, жұмыс орындарын құруға кері әсер етіп, бизнестің дамуына кедергі келтіреді. Бұған жол беруге болмайды. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүргенін айтты штаб мүшелері.

Қыркүйектің 24-інде «Сұлтан» ЖШС-ның еңбек ұжымымен кездесуде сөз алған халықтық штаб мүшесі Шыңғыс Мұрат АЭС-тың Қазақстан экономикасы үшін қаншалықты маңызды екендігін түсіндірді. Оның айтуынша, әлемнің дамыған елдері атом электр станцияларынан тоқ көзін үздіксіз өндіріп, оны тиімді пайдаланып отыр. Қазіргі уақытта елімізде электр энергиясының жетіспеушілігі байқалуда, ал болашақта зауыттар мен фабрикалардың көптеп ашылуымен энергетика саласындағы жағдай күрт нашарлауы мүмкін. Осы себепті АЭС-ты енгізу арқылы туындайтын проблемалардың алдын алу қажеттілігі туралы сөз қозғады.

Сондай-ақ халықтық штаб мүшелері Екіаша ауылының «Жоңғар Алатау» филиалының еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Кездесу барысында штаб мүшесі Сания Елюбаева атом электр станциясының маңыздылығын кеңінен атап отырып, оның өкелетін экономикалық және экологиялық артықшылықтарын да атап өтті. Ол атом энергиясының тиімділігі мен ұзақ мерзімділігін атап, оның қоршаған ортаға әсері басқа дәстүрлі энергия көздеріне қарағанда әлдеқайда төмен екенін түсіндірді. Оның айтуынша, бұл энергетикалық шешім елдің дамуында үлкен рөл атқарады және болашақта энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болып табылатындығын атап өтті.

Сол күні халықтық штаб мүшесі «PCD Group» ЖШС ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесуде сөз сөйлеген штаб мүшесі Шыңғыс Мұрат еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мәселелеріне тоқталды. Ол халық санының жыл сайын артып келе жатқанын ескере отырып, энергетикалық ресурстарға деген сұраныстың да өсіп жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, қазіргі таңда энергия тұтыну деңгейі жоғары қарқынмен ұлғайып келе жатқанын еске салып, егер бұл үрдіс жалғаса беретін болса, алдағы онжылдықтарда энергетикалық тапшылыққа тап болуымыз мүмкін екенін ескертті. Ол бұл мәселені шешудің бір жолы ретінде атом электр станциясын салу қажеттілігін ұсынды.

Сонымен қатар халықтық штаб мүшелері "Жоңғар Алатау" еңбек ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесуде штаб мүшесі АЭС салудағы ең маңызды мәселе – еліміздің энергетикалық әлеуетін қамтамасыз ету екендігін жеткізді. Сондай-ақ, олар бүгінгі күні мемлекетімізде электр қуатының тапшылығы сезіліп жатқанын тілге тиек етіп, ал электр энергиясына деген қажеттілік жылдан-жылға өспесе, кемімейтінін ашып айтты.

Аққайың ауылы тұрғындарымен кездесу барысында Қазақстанда АЭС салу экономиканың барлық салаларына, сондай-ақ ғылымға, білімге, әлеуметтік салаға оң әсер ететінін, сондай-ақ ғылымды қажетсінетін технологиялар мен аралас салалардың жедел дамуына мүмкіндік беретінін штаб мүшелері жан-жақты түсіндірді.

Кездесуге қатысқандар АЭС құрылысы елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, отандық ғылымды, технологияларды және өнеркәсіпті дамытуға қуатты серпін береді деп үміттенеді.

Почему ОСМС не является накопительной системой, каков статус студентов в ОСМС и что делать пациентам в случае отказа. На эти и другие самые актуальные вопросы ответил директор филиала Фонда социально-го медицинского страхования по области Жетісу Иван Самойленко.

- Иван Александрович, расскажите почему ОСМС не является накопительной системой? Одна из частых претензий заключается в том, что кто-то ходит в поликлиники раз в год, а отчисления делает регулярно.

- Система ОСМС является солидарной, а не накопительной. Не имеет значения, обращался ли конкретный человек за медицинской помощью, так как здесь не предусмотрены персональные счета с накоплениями взносов. Казахстанскую модель построили как социально ориентированную, чтобы не ограничивать пациента в объеме и стоимости получаемого лечения, которое ему требуется по состоянию здоровья. Рассмотрим на примере. На сегодняшний день самостоятельные плательщики оплачивают взносы в размере 4 250 тенге в месяц, то есть за год накопится 51 тысяча тенге. А при максимально возможном взносе в 17 тысяча тенге в месяц за год накопится 204 тысяча тенге. Если бы система была накопительной, то накопленных средств не хватило бы, чтобы покрыть стоимость лечения. Например, за 6 месяцев текущего года в Фонд от жителей области Жетісу поступило 12,5 млрд тенге взносов и отчислений, при этом только за январь-апрель жите-

ОСМС: ОТВЕТЫ НА САМЫЕ НАСУЩНЫЕ ВОПРОСЫ

лям области оказаны услуги на 13,8 млрд тенге. Таким образом невооруженным глазом видны преимущества системы ОСМС для населения.

- Известны случаи, когда пациентам отказывают в предоставлении медпомощи ссылаясь на исчерпанный лимит. Как быть пациентам в таких случаях?

- Это является нарушением, потому что лимитов на бесплатные медицинские услуги не существует. Если у пациента есть медицинские показания для проведения обследования или консультации узкого специалиста, то врач обязан выдать направление на бесплатную медицинскую услугу. Если пациенты сталкиваются с подобными проблемами, мы рекомендуем сразу же обращаться в службу поддержки пациентов, которая есть в каждой медицинской организации, или же сообщить в филиал Фонда по номерам телефона 8 7282 55 90 06, 55 90 07.

- Есть ряд вопросов у населения касательно статуса студентов и солдат срочников в системе ОСМС. Разъясните пожалуйста, что делать если они потеряли статус?

- Студенты, обучающиеся на очной форме обучения, попадают в льготную категорию и за них взносы на ОСМС уплачиваются государством. Таким образом, они имеют право на бесплатное получение всех видов медицинской помощи за счет ОСМС, по медицинским показаниям. А казахстанские студенты, обучающиеся

в зарубежных вузах, для получения статуса постоянного статуса страхования должны зарегистрироваться в качестве студента на портале электронного правительства egov.kz. Для этого через сайт egov.kz, разделе «Услуги» необходимо зарегистрироваться в качестве студента, обучающегося за рубежом. После проверки данных соответствующим органом статус изменится на «застрахован». Здесь следует отметить, что студенты, обучающиеся за границей, имеют статус застрахованного до окончания сессии. И после каждой сессии им необходимо регистрироваться на портале электронного правительства egov.kz, чтобы по возвращении в Казахстан они могли беспрепятственно получать медицинские услуги в рамках ОСМС.

Что касается военнослужащих срочной службы. Они также согласно закону «Об ОСМС» освобождены от уплаты взносов. Учет солдат ведется в информационной системе «Специальный учет лиц», куда вносятся ИИН служащего. После внесения личных данных, служащий автоматически становится застрахованным. Однако статус застрахованности солдат распространяется исключительно на период прохождения воинской службы. По окончании службы в армии необходимо регулярно оплачивать взносы на ОСМС для сохранения статуса застрахованного.

- Какие меры по цифровизации принимаются в Фонде?

- В текущем году Фонд внедрил циф-



ровые инструменты для учета и анализа больших данных по медицинским услугам. Ситуационно-аналитического центра (САЦ) создан в марте 2024 года по поручению Главы государства. Специалисты Центра из сфер здравоохранения, экономики, статистики и IT общими усилиями оперативно анализируют большие данные для эффективного принятия управленческих решений. На сегодня уже визуализировано около 500 ключевых показателей на более чем 1 000 дашбордах, используя такие инструменты, как Power BI, Superset и QlikSense. Аналитика охватывает данные из 18 баз, что позволяет оперативно реагировать на вызовы и улучшать качество медицинских услуг.

В целом, ожидаются большие перемены в цифровизации сферы здравоохранения. Об этом в своем Послании народу отметил Глава государства. К примеру, для борьбы с приписками будут использоваться цифровые инструменты, позволяющие подтверждать получение медицинских услуг. Один из пилотных проектов – это использование технологии идентификации пациента с использованием Face ID или цифрового документа. Точная и быстрая идентификация пациента при обращении в медицинскую организацию снизит риск ошибок при назначении и оказании медицинских услуг.

Ауыл шаруашылығы

Алғашында әскери қажеттіліктен ойлап табылған дрондар қазіргі таңда өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Олар өндірістің көптеген салаларында кеңінен қолданылады.

Ауылшаруашылығына негізделген аудан болғандықтан біздің өңірде ұшқышсыз басқарылатын құрылғылар негізгі салаларда маңызды рөл атқарып келеді. Атап айтқанда 2000 жылдары құрылған «Полухин» ШҚ-да кейінгі 2 жылда осы құрылғы кеңінен қолданылып келеді.

Қожалық басшысы Евгений Полухиннің айтуынша дрондарды қолданудың басты артықшылықтарының бірі-олардың дәлдігі. GPS технологиясын қолдана отырып, дрондар алдынала белгіленген ұшу жолдарын сантиметрге дейін қадағалай алады, бұл пестицидтерді қажет жерде қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл дәлдік зиянке-

Ақылды құрылғының көмегімен

стермен күресуді жақсартуға, химиялық заттарды пайдалануды шектеуге және оның қоршаған ортаға әсерін азайтуға әкеледі.

Сонымен қатар аталған құрылғы сұйық химиялық заттарға арналған 30 литрлік резервуармен жабдықталған. Дрон барлық дақылдарды өңдеуге жарамды, бірақ негізінен қызылша, картоп, пияз және басқа да көкөністердің дақылдарында жиі қолданылады. Сол сияқты құрылғыда екі батарея, ақылды зарядтау және өріс генераторы бар. Өр батареяның жұмысы 10 минутқа созылады, зарядтау 10-15 минутқа созылады. Осылайша, үздіксіз жұмыс процесі қамтамасыз етіледі. Заряд не-

месе резервуар таусылғанда, жүйе өрістегі тоқтау нүктесін есте сақтайды, дрон қайтару нүктесіне ұшады және резервуарды ауыстырғаннан немесе толтырғаннан кейін ол үзілген жерден жұмысын жалғастырады.

Шаруашылық жетекшісі Евгений Юрьевичтің мәлімдеуінше дрондармен пестицидтерді енгізу қауырт науқан кезінде анағұрлым уақыт пен шығындарды үнемдейді. Дрондар үлкен аумақтарды тез жаба алады, демек қолмен жасалатын әдістермен салыстырғанда бүркүді тездетеді. Осы тәсіл арқылы уақытты тиімді пайдалану өнімділіктің жоғарылауына әкеледі де фермерлерге ресурстарды тиімдірек



бөлуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дрондарды пайдалану қол еңбегі мен жабдықтың үлкен көлеміне деген қажеттілікті азайтады, өз кезегінде шығындарды үнемдейді. Дрондармен қамтамасыз етілген автоматтандыру мен дәлдік бүрку процесін жеңілдетіп, жұмыс тиімділігін жоғарылатып және фермерлер үшін жалпы шығындарды төмендетеді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Тіл мәртебесі - ел мәртебесі

Әрбір ұлт үшін қай кезеңде болмасын өз тілдері қастерлі болмақ. Тіл-ұлттымыздың тарихы мен тәлім-тәрбиесінің негізі. Қазіргі уақытта бәсекеге қабілетті мемлекет болу – біздің міндетіміз. Сол үшін болашақ ұрпағымыздың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгеуі тиіс. Қазақстан көп ұлтты мемлекет екені барлығымызға аян. Соның ішінде осы үш тілді меңгеру арқылы, кез келген ұлт өкілдерімен ақпарат алмаса аларымыз сөзсіз. Сонымен қатар тіл үйренемін деп талпынған адамдарға мүмкіндік те көп. Келешекте қандай маман иесі болмасын үш тілді жетік меңгеуіміз арқылы, кез келген мекеме орындарында қызмет ету мүмкіндігі бар.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте демекші, ана тілімізді де назардан тыс қалдыруымызға болмайды. Адам баласын биікке итеретін ана тілі мен ата дәстүрі. Ана сүтімен бойымызға дарыған өз тіліміз біз үшін қашанда жоғары орында тұрмақ. Қанша тіл үйреніп, ой-санамызды кеңге өрістетсек те, өз тілімізді ұмыту мүмкін емес. Келешек өсіп келе жатқан жас буынға осы үш тілділікті үлгі етіп қалдырайық. Тіл тағдыры-ел тағдыры екенін есте сақтағанымыз абзал.



Г.ТЛЕУБЕРЛИНА,

Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру басты міндет

Сарқан ауданының Алмалы ауылдық округінің әкімінің аппараты ауыл тұрғындарына көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру, қадағалау бойынша 2024 жылы атқарылған жұмыстар туралы есебі баяндалады.

Халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету - мемлекеттік органдардың жұмысындағы басты мақсат.

Қазақстан Республикасының Президенті – Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында – цифрландыру- сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы делінген. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету «бір терезе» қағидатын орындау барысында Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оларды дамыту аясында өткізілетін 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша атқарылады. Алмалы ауылдық округіне қарасты Алмалы және Абай ауылдары орналасқан. Халық саны 3970 адамды құрайды. Округте 2 орта мектеп шағын орталығымен, 1 балабақша, 1 дәрігерлік амбулатория, 1 мәдениет үйі, 1 медициналық пункт, 2 байланыс бөлімшесі, 1 дене шынықтыру сауықтыру кешені бар.

8 мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Алмалы ауылдық округі әкімі аппараты 2024 жылы келесідей мемлекеттік қызметтер



көрсетілген:

1. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдау - 0;
2. Мектепке дейін балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою - 0;
3. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру - 2;
4. Сауда-сатықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу - 16;
5. Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру - 0;
6. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою - 0;

В защиту бизнеса

В ходе расширенного заседания Правительства Глава государства объявил о запуске нового инвестиционного цикла. Как отметил Президент, проблемы с реализацией инвестпроектов особенно четко проявляются в регионах.

Глава государства поручил обеспечить в стране благоприятный бизнес-климат, что послужит дополнительным стимулом для развития экономики.

В этой связи, внедрен «Прокурорский фильтр». Теперь любые запретительные решения госорганов, ограничивающие деятельность инвесторов, акты и решения налоговых органов о назначении проверок в деятельности инвесторов и другие функции подлежат согласованию с прокурорами.

Действующим законодательством в сфере государственного контроля и надзора определены единые принципы защиты прав и законных интересов субъектов бизнеса. Наряду с этим введена новая форма проверки на соответствие квалификационным или разрешительным требованиям по выданным разрешениям и направленным уведомлениям.

Все новшества регламентированы главой 13 Предпринимательского Кодекса. Необходимо отметить, что весь процесс учета и регистрации проверок оцифрован в информационной системе «Единый реестр субъектов и объектов проверок» (ЕРСОП), которая на стадии регистрации обеспечивает защиту бизнеса от незаконных проверок, а также прозрачность государственного контроля и надзора.

По всем интересующим вопросам, в том числе с обращениями о неправомерных действиях со стороны проверяющих госорганов, предприниматели могут обратиться в единый контакт-центр Генеральной прокуратуры (телефон - 115).

Также, любой предприниматель, к которому пришли с проверкой, может проверить регистрацию проверки на информационном портале Комитета «www.qamqor.gov.kz».

А.ЖАКСЫЛЫКОВ,

старший прокурор Департамента Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу.

ЭЦҚ кілтері уақытылы жаңартылып отырады. Қызметтерді электрондық түрде алу тәсілдері округтегі мектеп, балабақша, ауылдық аурухана жүзеге асырады. 2024 жылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы әкімшілікте 01 қыркүйекке дейін жалпы 296 мемлекеттік қызметтер электрондық Үкімет порталы арқылы көрсетілді. Соның ішінде сотталмағаны туралы анықтама-20, міндетті зейнетақы жарналарының аудармалары туралы анықтама-49, тұрғылықты жері бойынша тіркелу-14, психоневрологиялық ұйымнан-15, туберкулездік диспансер ұйымынан-15, наркология ұйымынан-15, жеке тұлға үшін ЭЦҚ- 89, жұмыссыз ретінде еңбек биржасына тіркелу-79, 2024 жылдың 8 айлықта «Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі» өтті. Округ әкімдігінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орнатылған. Онда керек барлық жағдай қарастырылған. Округ елді мекендердегі тұрғындар осы аталған қызмет көрсету бұрыштарында өздеріне тиісті құжаттарын алуға толық мүмкіндіктер бар. Округ тұрғындарына мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оларды дамыту және іске асыру аясында дөңгелек үстелдер, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Есепті мерзім ішінде азаматтардан мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде арыз – шағым түскен жоқ.

Жоғарыда айтылған сөзімде негізгі деген мәселелерге тоқталдым. Алдымызда шешуді қажет ететін істер көп, алға қойылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған мақсаттарымызға жететінімізге сенімдімін.

А.НУРПЕИСОВА,

Алмалы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Бақытты қаламгер

Адамзат әлемінің өсіп-өркендеуіне жартылыстану ағылымдарымен қатар гуманитарлық ғылымдардың да өлшеусіз үлес қосып келе жатқаны мәлім. Ғарыш заманы немесе қазіргі компьютер заманы тұрмыс-тіршілігімізді жеңілдеткенімен, жаратылыстану ғылымдары ұланасыр жаңалықтар ашқанымен, адамның қуанышы мен қайғысына ортақтаса ала ма, адам өмірінің құпиясын, тіршілігінің саналуан сырын таныта ала ма? Жоқ, әрине. Адам жанына, жүрегіне жол табатын да оның адамдық болмысының ажырамас қасиеті саналатын тілімен өзектес сөз өнері – әдебиет екені ақиқат.

Осы орайда, Шығыстың ұлы философы Цао Пидің: «Әдебиет-мемлекет басқарудағы ұлы іс» деген қағидасының да мәні зор екенін пайымдауға болады. Демек, ел тізгінін ұстаған адамға көреген көсемдік қана емес, шындықтың шекарасынан аспайтын, сөзіне ел-жұртты ұйыта алар шешендік қажет екенін ұғуға болады. Сондықтан, саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени өмірімізде сөз өнерінің орны бар десек қателеспеспіз. Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев жастарды кітап оқуға баулады, жаппай кітап оқитын ұлтқа айналуы басым бағыттардың қатарында атап өткен болатын. Шынында, қайта құру кезеңінде өмірімізге нарықтық-экономикалық қатынастардың енуі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауыртпалықтар, қазіргі гаджеттің өлегі қалың қауымды кітап оқудан айырғаны жасырын емес. Алайда, бүгінгі таңда көзбен көріп те, естіп те жүрміз көпшілік, әсіресе жастар мәдени орындарға баруға, кітап оқуға ынталы бола бастады. Себебі, еліміздің іргесі бекіп қана қоймай, өмір-тұрмысы жақсарып, мәдени-экономикалық қуаты ілгерілеп келеді. Бұған ел ішінде жүргізілетін әлеуметтік-мәдени іс-шаралардың да қосар үлесі зор екеніне көз жеткізуге болады. Жақында үстіміздегі жылдың 23-тамызында Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Қойлық ауылының К. Қазыбаев атындағы мәдениет үйінде дүниеден озғанына санаулы жыл ғана болған өлкетанушы, жазушы, аудармашы Заман Самалбекұлы Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залының ашылуы руханиятымызға өзіндік олжа салған игілікті іс-шара болғаны даусыз. Себебі, бұл әдеби-мәдени іс-шара тікелей ел адамдарының, оның ішінде ауыл жастарының, жалпы қалың көпшіліктің кітап оқу мәдениетін арттыруды, кітап оқуына ықпал етуді мақсат еткені көзге түседі. Соған байланысты «Тастұма» рухани-танымдық залында заманауи технологиялық құралдармен жабдықталған. Конференц-залға келуші оқырман қауым, жастар, мектеп оқушылары осы өлкеде туып-өскен, дәл осы мәдениет үйінде аянбай қызмет еткен дарынды жазушы Заман Самалбекұлы Төлеуовтің шығармашылық мұрасымен және басқа да қажетті әдеби-мәдени ақпараттармен таныса алады. Бұндай жағдайда олардың су жаңа үлкен үстел мен жайлы орындықтарды, қабырғадағы интерактивті тақтаны, кітап сөрелерін, әралуан басылымдарды, тіпті терезелердегі инновациялық үлгіде жасалған шымылдық-перделерді және жазушының қанатты сөздері жазылған басқа да заманауи көрнекі

құралдарды пайдалануына мүмкіндік туғызылған. Сондықтан дарынды жазушы З.С. Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залы ел ішінде әралуан әлеуметтік-мәдени шаралар, жиындар өткізуге де қолайлы болып табылады. Әрине, осы күнгі ауыл адамдары мен жастардың, оқушы-шәкірттердің, әдебиетсүйер қауымның рухани азығын қанағаттандыру бағытындағы бұндай іс-шараны іске асыру қаржыны, қайрат-жігерді, әдебиет ісіне деген құрметті ғана емес, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілікті де қажет етеді. Сондықтан ауыл жастарының болашағы, жалпы ел игілігі үшін жасалған «Тастұма» рухани-танымдық залының ашылуына Сарқан ауданының әкімшілігі мен жазушының жерлестері, оқырмандары қолдау көрсеткенін, ал нақтырақ айтсақ, игі шараға жазушы Заман Төлеуовтің аяулы жары Гүлмира Ажиханованың тікелей мұрындық болғанын айту лазым.

Жазушы, аудармашы, өлкетанушы Заман Самалбекұлы Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залының ашылу салтанатына әкімшілік өкілдері, жазушының тіршілігінде тізе қосып еңбек еткен қимас әріптестері, оның шығармаларын сүйіп оқитын жерлестері, туыстары, арнайы шақырумен алыстан ат арытып келген өнер қайраткерлері мен ғалымдар қатысты. Тіпті жиынға жазушының шығармаларын іздеп жүріп оқитын оқырмандардың шалғайдан келіп ықыласпен қатысуы таңғалдырды. Шынында, жазушы Заман Төлеуовті сирек дарын иесі деуге болатын шығар. Ол тағдырдың талқысына мойымастан сан түрлі кәсіпті де (дәрігер, спортшы) меңгерген, оның сан түрлі өнері де (суретші, мүсінші) өз ортасына танымал болған жан екенін де біз аталған іс-шара барысында көз жеткіздік. Салтанатты жиында алғаш сөз алған Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов ерекше дарынды тұлға Заман Самалбекұлының жазушылық өнерін ел-жұрты бағалайтынын, өйткені ол көркем шығармаларында қазіргі заман шындығын көркем бейнелегенін, ал публицистикалық мақалаларында ұлтымыздың өміріндегі өзекті мәселелерді батыл талқыға салғанын сөз ете келіп, қаламгер мұрасының құндылығы оның көркемдігінде ғана емес, келешек ұрпақты елі мен жерін сүюге, еңбекқорлыққа, кісілікке баулуға әлеуметтік-эстетикалық мәнінде екенін баса айтты өтті. Қазақстан Жазушылар одағының Жетісу облысындағы өкілі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ақын Жанкелді Немеребай да өз сөзінде жазушының табиғи дарынынан туған әңгімелеріндегі шеберлікке, жал-



пы жазушы шығармаларындағы суреткерлік пен шынайылықтың сырларына, баяндау тіліндегі лаконизм мен стильдік даралығына тоқталды. Салтанатты жиынды аталған мәдениет үйінің қызметкерлері, өнерпаз қауым әнмен өңдеп, музыкамен әдіптеп, жиналған көпшілікті тың әсерге бөледі деуге болады. Жазушының өмірінде жанына жақын тұтқан ақын інісі Жанкелді Немеребайдың сөзіне жазылған «Заман аға» әні де, жазушының аяулы жары Гүлмира Ажиханованың сөзіне жазылған абзал азаматына деген зары мен сағынышына толы ән де залдағы жұртшылықты ерекше тебірткені рас.

«Тастұма» рухани-танымдық залының ашылу салтанатына Алматыдан арнайы келген Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің ұстаз-ғалымдары қатысты. Филология ғылымдарының докторы, профессор Раушангүл Авакова жазушының ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқанын, жазушының уақытпен үндесіп, оқырман көкейіндегі дөп басып жазатын шыншылдығын, шұрайлы тілін салмақтады. Дарынды тұлға Заман Самалбекұлы Төлеуовтің 2020 жылы Лондонда өткен «Алтын қалам-2020» халықаралық әдеби конкурсында «Үздік роман» номинациясы бойынша Бас жүлде иеленген «Қарақуыс» атты психологиялық романы туралы ғылыми-теориялық талдау мақаламыз бұған дейін «Қазақ әдебиетінде» жарық көрген осы мақаланың авторы біз де аталған жиын барысында сөз алып, «Қарақуыс» романының ғана емес, қазіргі алмағайып заман мен адам өмірінің шындығын нәзік сыршылдықпен әрі сыншылдықпен көркем бейнелеудегі шеберлігін көпшілік тыңдарманға нақты мысалдармен дәйектей жеткізуге тырыстық. Әсіресе, «Қарақуыс» романының жанрлық-композициялық тұрғыдан қазіргі қазақ романына сапалық өзгешелік әкелген жаңашылдығына тоқталдық. Оқырман қолына түсе бермейтін анималистік әңгімелері мен «Қызылауыздың» қарғысы», «Байғыз жылаған түн», «Қоңыр кие» кітаптарының таралымын көбейтіп, қайта шығаруды ұсыныс еттік десек болады. «Сарқан» газетінің бас редакторы, Халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты, ақын Жомарт Мақатұлы Игіман бір кездегі үзеңгілес әріптесі, қимас қаламдасы Заман Самалбекұлының кісілік қасиеті, жан жылуы, іскерлігі, жазушылық өнері туралы төгіле де егіле сөйледі. Заман жазушының өз өмірінде де, шығармаларында да адамгершілікті басты құндылық санағанын, шығармаларын да жүрекпен жазғанын, сондықтан оқырмандары

оны іздеп жүріп оқитынын, замандасы Заманның рухы да, мұрасы да мәңгілік екенін қадап айтты. Ал, Алаш зиялысы, Алашорда үкіметінің мүшесі, заңгер Базарбай Мәметовтің шөбересі Нұрсейіт Нұркен, Бердібек Соқпақбаев қорының президенті, «Ұлы Дала» қоғамдық ұйымының жетекшісі Ғабиден Жәкей, Құрмет орденінің иегері, ҚР мәдениет қайраткері, Түрік дүниесі сыйлығының иегері, академик, темірден түйін түйетін шебер Махмұт Құлментегі секілді сөз алған айтулы азаматтар Заман Самалбекұлының сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаздығының, шығармашылық мұрасының ұлттың рухани игілігіне айналып, мәңгі жасайтындығына сенім білдірді.

Жазушы, аудармашы, өлкетанушы Заман Самалбекұлы Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залының ашылу рәсімін жасау академик, есімі әлемге танымал темірші ұста Махмұт Құлментегіне ұсынылып, жібек лентасы қиылды. Салтанатты жиын соңында Гүлмира Ажиханова ханым жан жары Заман Самалбекұлымен отау тігіп, бір шаңырақта өмір сүрген қызығы да қиыншылығы мол күндерін еске алып, тебірене, толғана сөйледі. Жазушының соңғы жылдарда жазу үстелінен тұрмастан ерекше табандылықпен еңбектенгенін айрықша атады. Оның кісілік тұлғасының ерекшеліктерін, азаматтығын, баладай адал мінезін, отбасына ғана емес, адам баласына деген мейірімінің шексіздігін қызғылықты әңгімелей келіп, шығармашылық лабораториясының сырларына да үңілте алды. Гүлмира ханым көзіне жас ала тұрып, Замандай азаматының, бүгінде оқырмандарының сүйікті жазушысына айналған, өлді деуге қимас жарының артында қалған мұрасын өзінің соңғы демі таусылғанша көзінің қарашығындай сақтап, әспеттеп, насихаттап өтетінін білдірді. Жиын соңында Гүлмира ханым асыл жары, ғаламат суреткер Заман Самалбекұлының рухына бағыштап ас берді.

Әлемнің бір бөлшегіндей Қойлық ауылында ашылған белгілі жазушы Заман Самалбекұлы Төлеуов атындағы «Тастұма» рухани-танымдық залы ел игілігіне айналатынына, артында елі мен қалың оқырманы, Гүлмира Ажихановадай аяулы жары, іздеушісі, мираскері бар жазушының мұрасы мәңгі жасайтынына деген деген зор сеніммен, рухани шараның ерекше әсерімен біз де Алматыға қарай жол тарттық. Жол бойында неге екені белгісіз, тағдырдың талай тәлкегін көріп, асау тұлпардай жазушылық дарынын егде тартқанша өз бойында тұсаулап келіп, шын жариялылықтың, тәуелсіздіктің дәмін сезінген шағында жанкешті суреткерлік ісіне басы бүтін беріліп, әдебиет әлемінде «құйрықты жұлдыздай жарқ етті де, жоқ болды» дегендей таңғаларлық стильде жазатын қаламгер Заман Төлеуов туралы толғанғанда, «ел-жұртының сүйіспеншілігіне, оқырмандарының ыстық ықыласына, жанындай сүйген жары Гүлмираның (романындағы Қырмызының прототипі) шынайы махаббатына бөленген не деген бақытты жазушы» деген ойға еріксіз берілдім. Сол күні тамыздың таңы да тамылжып атып еді...

Р:ӘБДІҚҰЛОВА,
Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
қауымдастырылған профессоры.
Алматы-Қойлық-Алматы.

«Менің ұғымымда өнер адамы, екі есе еңбекті қажет етеді. Ол кең диапазонды, өз орнын сүйетін, айналасындағы адамдардың бәрін жақсы көріп, тек адалдықты аңсайтын, бостандық желмаясында жортып жүретін жан болуы шарт» деген – Ғалым Сүлейменов.

Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің қызметкерлеі 10 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртіс – әнші Ғалым Сүлейменовтың туғанына 75 толуына орай «Туған жерін ән көгінде шалқытқан» атты көрменің ашылу салтанаты өткізілді. Шараға Әнші Ғалым Сүлейменовтың жан жары Бақыт Сүлейменова, Дәнеш Рақышев атындағы филормония әншілері, Лепсі ауылының әкімі Ақтөре Қияс, мәдениет үйінің қызметкерлері, кітапхана қызметкерлері, №54 орта мектебінің оқушылары, Ушинский орта мектебінің оқушылары, Лепсі ауылының тұрғындары келіп тамашалады. Ғалым Сүлейменов «Жетісу» ансамблінің құрамында Испания, Германия, Қытай және Түркияда өнерлерін танытты. Өнерпаз өзінің орындауындағы 55 әндерді компакт дискіге жаздырып, жарыққа шығарды. Ағамыздың орындаған әндері қазақтың біраз аймақтарындағы композиторлар туындыларынан тұрады. Атап айтар болсақ «Қыз Жібек» операсынан Төлеген әнін, «Абай» операсынан Айдардың ариозасын, Абайдың, Әсеттің, Жая Мұсаның, Біржанның, Естайдың әндерін, қазақтың халық әндерін, өзі құлай сүйетін Мұқан Төлебаевтың, Шәмші Қалдаяқовтың, Әсет Бейсеуовтың,



Туған жерін ән көгінде шалқытқан

Әбілахат Есбаевтың тамылжыған әндері бар. Осы шақта Ғалым ағамыз белгілі композитор Ілия Жақановпен танысады. Ол: «Ғалым мен ән шығарамын. Сен менің әндерімді радио алдында орында», - дейді. «Балқан таудың бауы-

рында», «Әсел», «Жанжолдас» және тағы басқа туындыларын орындайды. Есептеп қараса Ғалым Көпесбайұлы радионың алтын қорына 60 шақты әндері сақталған. Шара барысында Дәнеш Рақышев атындағы филормония әншілері Ғалым ағамыздың «Талдықорған – ән өлкем», жұбайына арнап жазған «Жан

зейнеткер ағамыз Серделінов Кеңес Базкенұлы өзінің естеліктері жайлы бөлісті. Шара соңында әнші-композитор Ғалым Сүлейменовтың жұбайы Бақыт Сүлейменованың өз қолымен музей қорына табыстаған мол мұрасынан көрме көрермен назарына ұсынылды. Көрмеге Ғалым Сүлейменовтың 1982 жылы Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбубәкір Әлиұлының ұсынысымен тігілген фрак, ноталары, туу туралы куәлігі, сегіз жылдық білім туралы куәлігі, еңбек кітапшасы, 2003 жылы 8 наурыз күні «Асыл анам» атты шығармашылық кеште отбасы ұлы Ілияс, қызы Салтанат және жұбайы Бақыт Сүлейменовамен түскен суреті, әкесі Сүлейман Көпесбайдың суреті, Ғалым Сүлейменовтың өмір бақи армандаған Италияның атақты «Ла – Скала» театрына барып «Травиатта» операсын көріп шыққан сәті, өзі қолданған портфелі, көзілдірігі және кітаптары көрмеге қойылып көрермен назарына ұсынылды.

Шырқау әнің сахнада асқақтаса, Биіктейсің өнеріңмен қас қаққанша. Ұстаз болды қанша жыл

шәкірт баулып, Лайықтысың елің, дос мақтанса – деп Асылмұрат Тұрғанбекұлының Ғалым ағамызға арнаған өлеңін еске ала отыра ағамыздың артында қалдырған мол мұрасы қазақ мәдениетінің асыл қазынасы болып, Ғалым ағамыздың туындылары ел есінде мәңгі сақталарына бек сенімдіміз.

А.ЖҰМАБЕК,
М.Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

Тәуелділікке - тыйым



Жуырда Сарқан ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залында ауыл әкімдері, басқарма басшыларының Жетісу облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Ғабит Тұрсынбайдың, дінтанушы-психолог Қанат Мүтебаевтың қатысуымен жиын өтті.

Жиылысты аудан әкімі аппаратының жетекшісі Ұлан Ерденбеков ашып жүргізді. Күн тәртібіне сәйкес, Ғабит Тұрсынбайұлы сөз алып, жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілер тарапынан Әдеп Кодексі талаптарының орындалуы, мемлекеттік қызмет саласын-

да лудоманияның яғни азаматтардың құмар ойындарға тәуелділігінің алдын алу бойынша баяндама жасап, бірқатар мәселелерге кеңінен тоқталды.

Бүгінгі күні ойынқұмарлық, яғни жалпы сөзбен айтқанда «лудомания» қоғамда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Лудомания - бұл адамның ойындарға, шамадан тыс және бақыланбайтын әуестігі. Бұл мінез-құлық адамды ойындарға эмоционалды және қаржылық жағынан тәуелді етіп, өмірдің басқа салаларынан елеусіз қалдыруына әкеледі. Осыған байланысты елде патологиялық құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу бойынша бірқатар шаралар қабылдануда.

2024 жылдың 8 шілдесінде Мемлекет басшысы ойын бизнесі, лотерея қызметі және лудоманияға қатысты заң жобасына қол қойды. Атап айтқанда, құмар ойындарға бәс тігуге қатысуына тыйым салынатын адамдар санатының тізімі кеңейтілді. Сонымен қатар, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін толықтырулар енгізілді, оған сәйкес мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартынуға міндетті. Сондықтан барлық мемлекеттік қызметшілер Заңдармен белгіленген шектеулерді сақтауға, жауапкершілік пен әдептіліктің жоғары деңгейіне ие болуға, биліктің абыройы мен беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Ал мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талаптардың барлығы әдеп кодексінде қамтылғанын жиналғандардың есіне салды.

Келесі болып сөз сөйлеген республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Қанат Маратұлы лудомания дегеніміз еліміз бойынша талқыланып жатқан мәселенің бірі екенін еске салды. Әр қалада есірткіге құмартқан адамдарды емдейтін орталықтар бар болса, цифромания, лудомания дертінен емдейтін орындардың жоқтығына қынжылды. Тыныш отырсын деп бесіктен белі шықпаған баланың қолына телефон беріп үйретіп, Free Fire, GTA сынды компьютерлік ойындарға құмарлығын сезбейтін, кейіннен өз бәрі кеш болып құмар ойындардың ішіне кіріп, бәс (ставка) тігетін перзенттерін көргенде кеш қалып, істеріне өкінетін ата-аналардың да барлығын еске салды. Сөз реті келгенде атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін еске салды: «Құмар ойын – әлсіздің өлегі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр болады». Сөзінің соңын дінтанушы «Бала-шаға Сіз бен Бізге Жаратушыдан берілген аманат. Сол аманатқа қиянат жасамайық» деп аяқтады.



Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Архив – тарихи шежіре, тарихи қазына

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті 2022 жылғы 26 тамыздағы Архив мекемелерімен республикалық кеңесі хаттамасының 4- тармағына және 2022 жылғы 5 қыркүйекте бекітілген тұжырымдамаға сәйкес жыл сайын 21 қыркүйек күні «Архив және болашақ ұрпақ» жобасын өткізу туралы шешім қабылдаған.

Осыған орай 2024 жылы 20 қыркүйекте «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Сарқан филиалында «Архив және болашақ ұрпақ» атты тақырыпта ашық есік күні өткізілді. Іс шараға «Сарқан политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының студенттері, «Абай атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, «Н.Островский атындағы гуманитарлық-экономикалық мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-10 сынып оқушылары қатысты.

Іс шара барысында «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Сарқан филиалының директоры Карипова Маржан Имангельдіқызы Архив ісі туралы баяндама етті.

Филиал директоры өз сөзінде Сарқан филиалы Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы №326-І Заңын сондай-ақ басқа нормативтік құқықтық актілерді және Ережені басшылыққа ала отырып қызмет ететінін баяндады.

Ашық есік күні аясында болашақ ұрпаққа мемлекеттік құжаттардың тарихи-мәдени және ғылыми құндылығы, қоғам мен мемлекет үшін маңызы зор екенін мәлім етті.

Оқушылар өздерінің қызығушылықтарын білдіріп, алғыс айтты.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санат архивісі.

Жақсылық жасап жарысайық

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», – дейді халық даналығында. Расында да жоқ-жітікке қарасу, жылағанды жұбату, сүрінгенді сүйеу, мұқтаждардың талған өзегіне талғажау табу – халқымыздың бойында ежелден қалыптасқан қасиет. Адам бар жерде тұрмыстық түйткілдердің болмауы мүмкін емес. Сонымен қатар қайырымдылық-адамзат бойындағы ерекше бір қасиет болып саналады. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым-қатынасын көрсететін адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі.



мен ұйымдастырылды. Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов, аудандық ардагерлер

қолдарымен әзірленген қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылып, барлық қажетті жағдайлармен жабдықталған сынып бөлмелері қонақтарға таныстырылды. Сонымен қатар мұнтаздай жиналып, дайындалған білімпаздар демалатын төсек-орындар да келушілер назарынан тыс қалмады.

қолөнер көрсеткен қайырымды жан-дарға Алғыс хат табыстаса, өңірге танымал бапкер Жандос Хабдуллиннің баптауындағы болашақ спорт сайыпқырандары джиу джитсу сайысынан шеберлік сағатын көрсетті.

Өз салалары бойынша жетістікке жетіп, ел алғысына бөленіп жүрген осындай аға-апаларының өздеріне деген қамқорлығын сезініп жүрген мектеп-интернаттың жеткіншектері келешекте ел қамын күйттейтін, қайырымды болуға барынша тырысатын ұлағатты ұрпақ болып ер жетері даусыз.

Мектеп-интернат ауласында арнайы дайындалған сахнада кеш жүргізушілері оқушылардың қатысуымен дайындалған концерттік нөмірлерді көрермендер назарына ұсынды. Бастауыш сынып оқушыларынан құрылған «Меруерт» би тобы қызылды-жасыл көйлек киіп, Гүлдер биін мың бұрала билесе, мектеп ұстазы Индира Елубаева «Ата-ана үшін ғұмыр бер Алла» әнін нақышына келтіре шырады.

Жақсылық жасау — имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» — деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде жанданып, өз жалғасын тауып келеді.

Арнайы әзірленген концерттік бағдарламаның соңында мектеп-интернат басшысы Бақытгүл Сәрсембаева осынау қайырымдылық акциясына атсалысып, демеушілік

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Жуырда «Сарқан қаласының облыстық № 3 арнайы» мектеп-интернатында «Мейірімді жүрек» қайырымдылық акциясы өтті. Жоғарыда аталған іс-шара аудан әкімінің қолдауымен әрі білім ордасы басшылығының бастамасы-

ұйымының өкілдері, өңірге танымал кәсіпкерлер, мекеме-ұйым басшылары қатысып, шәкірттерге арнайы әзірлеген бағалы сыйлықтарын табыстады.

Акция барысында мектептің фойесінде оқушылардың өз

Қазіргі кезде күн тәртібіндегі тұрған басты мәселе – халықтың әлеуметтік ахуалын жақсарту. Яғни, елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету. Көп жағдайда кейбір кәсіпорындар өздеріне лайық мамандарды таппай, кадр тапшылығын сезінеді. Ал, дәл сол уақытта қолынан іс келетін жандар екі қолға бір күрек боларлық жұмысты кездестіре алмай сергелдеңге түсіп жүруі мүмкін. Сондықтан да, жұмыс беруші мен іздеушінің жүздесуіне қолайлы алаң – бос жұмыс орындары жәрмеңкесі болып отыр.

ІЗДЕГЕНГЕ ЖҰМЫС ТАБЫЛАДЫ

ақ зейнеткерлік жасқа дейінгі адамдар жиналды. Келушілерге 58-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды, жұмыс берушілер ретінде сарқандық 25 кәсіпорындар мен ұйымдар шақырылды.

Іс-шараның басында сөз алған мансап орталығының басшысы Ернар Нұрқасым мемлекет тарапынан қолға алынып жатқан «Күміс жас», «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Қоғамдық жұмыстар», «Кәсіптік оқыту» бағыттары бойынша кеңес берсе, аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов Еңбек күні мерекесіне орай қаламыздың көркеюіне үлес қосып, тазалығын сақтап келе жатқан бірқатар азаматтарға Алғыс хат тапсырып, мерейлерін өсірді.

Бұдан бөлек, жәрмеңкеге прокуратура, аудандық пробацзия қызметі, жеке сот орындаушылар қатысты.

Жәрмеңкеге қатысушы азаматтарға еліміздің еңбек нарығын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында кеңес берілді. Жұмыс іздеп келгендердің ішінде қоғамдық жұмысқа 16 азамат тартылып, жастар практикасына 5 азамат ниет білдіріп, жұмысқа орналасуға жолдама алды.

Өз тілшіміз.



Сарқан ауданының мансап орталығы бос жұмыс орындары жәрмеңкесін жиі ұйымдастырып, қалың көпшілікке ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді. Еңбек күні күні қарсаңында да орталық алаңда дәл осындай жәрмеңке өткен болатын. Оған қала тұрғындары қатысып, өздеріне лайық жұмыс орындарын іздестірді.

Аталған іс-шараның мақсаты жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу болып табылады. Бос орындар жәрмеңкесіне жұмыссыз жүрген азаматтар, жоғарғы оқу орнын бітірген түлектер, сондай-

101 ескертеді

Егін жинау, жем-шөп дайындау науқаны

Бүгінгі күні шөп жинау және күрделі жемшөп дайындау бойынша жұмыстар ауыл шаруашылығында қызу кезеңінде. Атқарылып жатқан жұмыс кезінде ыстық, құрғақ және желді ауа райы, көп санды ауыл шаруашылық техникалары, жанар-жағар май материалдары өрт қауіпті жағдайды тудыруда.



Дала және жемшөп жинау орындарында болатын өрттердің себептері: оталдыру жүйесінде, ауыл агрегаттарының пайдаланылған кернейіндегі ұшқын-дардан, оларда жарамды ұшқын сөндіргіштің болмауы, агрегаттарда жиналып қалған астық сабақтарының үйкелуі.

Өрттің алды-алу және материалдық зардап шекпеу мақсатында келесі маңызды ережелерді естеріңізге саламыз:

Тұрғын үй учаскелерінде шөптерді жинау ғимаратқа және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орналасуы қажет.

Тыйым салынады:

- 1) қоралардың шатырларына және басқа шаруашылық құрылыстарына жинауға;
- 2) электр жеткізу желілерінің астына жинауға;
- 3) учаскенің сыртқы қоршауынан

кемінде 3 метр қашықтықта;

4) көшелерде, жолдарда, аулалық учаскелерден тыс шөп шошақтарын, шөмеле, маяларын, сабан және басқа да ірі жемшөпті орналастыруға жол берілмейді.

Ірі жем-шөптерді тасымалдау пайдаланылған құбырлары радиатордың астынан шығарылған, ұшқын өшіргіштермен және қосымша екі ұнтақты өрт сөндіргішпен жабдықталған арнайы көлік құралдарында жүзеге асырылады.

Ірі жем-шөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындалады.

Құрметті азаматтар! Отты пайдалануда ойланбай істейтін әрекеттерге жол бермеңіздер!

М.САРКУЛОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Қауіптің алдын алған тиімді

Өрт қауіпі өнеркәсіп пен мекемеде ғана емес, тұрмыста да кездеседі: - тұрғын үйде, жеке автокөлікте және көлікжайда да, саяжайлық аумақта және т.с.с. Сондықтан, өнеркәсіпте қамтамасыз еткендей, тұрғын жай және басқа орындарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш және т.с.с.) қамтамасыз ету қажет.



Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерде: - жанғыш заттар, жеңіл тұтанғыш заттар және газ баллондарды балкондарда және лоджияларда сақтауға; - төсекте және арнайы темекі шегуге өзірленбеген жерлерде темекі шегуге; - екі қабаттан жоғары үйлерде газ баллондарын қолдануға; - балкондар мен лоджиялардан темекі тұқылын лақтыруға; - өзірленіп жатқан асты газ немесе тоқ плитасында қараусыз қалдыруға және тұрмыстық электр құрылғыларын (теледидар, үтік, шайнек, шаш кептіру құрылғысы және т.с.с.) тоққа қосылған күйінде қалдыруға; - балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

Ең бірінші әрі міндетті ережені есте сақтаңыз: пәтерде түтіннің әлсіз иісі келген кездің өзінде, ашық жалынның өзін айтпағанда, «101» немесе «112» ге қоңырау шалу керек.

Өртті өз күшімен сөндіру көп жағдайларда нәтижесіз болады да уақытты жоғалтуға себеп болады және ол өрттің едәуір өршіп таралуына әкеліп соғады.

Өрт сөндіру қызметіне хабарласқаннан кейін, ересектер мен балаларды, қарттар мен сырқат адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, жақын пәтерлердегі көршілеріңізді хабардар етіңіз. Пәтердегі немесе саты алаңындағы электр қалқанын қолданып электр көзін өшіріңіз. Ас бөлмесіндегі газ келетін жүйені жабыңыз. Егер сіздің үйіңіз түтін шығару жүйесімен қамтамасыз етілген болса, оны іске қосыңыз. Өрт сөндірушілердің келуін күтпей өртті қолда бар құралдармен – шелектегі сумен, өрт сөндіру құралымен, дымқыл тығыз матамен және т.с.с сөндіруге кірісіңіз.

Ә. ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Көпшілік мүддесі - басты назарда

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Біздің елімізде бүгінгі күні «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әділет органдарының міндеттері жалпы мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобалау жұмысын жүргізу, заңнаманы талдау, жетілдіру, жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін, қазақстан Республикасының егемендігін, Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің тұрақты және қарышты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыру болып табылады. Әр азаматтың құқықтары мен бостандықтарының ауқымды бөлігін қамтамасыз етуі әділет органдарымен тығыз байланысты.

Биыл Әділет органдарына 32 жыл толып отыр. Әділет органдары өз құзыреті шегінде мемлекеттің қызметін құқықтарын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңдымүдделерін қамтамасыз ететін атқарушы билік органдары болып табылады. Сондай-ақ, мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне заңнаманы жетілдіруге, әділеттілік ұстанымын бекітуге азаматтардың конституциялық құқығын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруға әрдайым белсенді үлесін қосып келеді.

Алғаш рет Әділет органдарының күні 2012 жылы аталып өтті. Латын тілінен аударғанда «юстиция» сөзі әділдік, заңдылық деген мағынаны білдіреді. Әділет органдары – ол Әділет министрлігінің барлық мекемелері мен ведомстволарының жиынтық атауы. Тарихы тереңде жатқан Әділет органы 1919 жылы құрылып, өзі өмір сүрген жүзден аса жыл ішінде ел өмірінде болған аса елеулі тарихи оқиғалардың бел ортасында болып, саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық өмірдегі күрделі өзгерістерге атсалысты. 1920 жылы Әділет халық комиссариаты ретінде құрылса, 1946 жылы Әділет министрлігі болып қайта аталды. Жалпылама айтқанда, халыққа заң қызметін ұсынып, азаматтардың бостандықтары мен мүдделерін қорғайтын бірден бір орган.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң Әділет органдары үшін жаңа кезең басталды. Әділет министрлігі және оның органдары түбірімен өзгеріп, жаңа сипатқа ие болды. Осылайша, өзінің сан қырлы қызметінің арқасында егеменді мемлекеттің құқықтық саясатын жүзеге асыру ісіне үлес қосып келеді. Бағдарланған міндеттер негізінде еліміздің әділет органдары жаңа кезең талабына орай мемлекеттік құқықтық реформаны қалыптастырып, жұмысын дамытып келеді.

Бұл мереке конституциялық мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етіп жүрген әділет қызметкерлерінің басын біріктіретін айтулы күн.

Әділет органдарының өз функцияларын сапалы орындауы, халыққа тиімді қызмет көрсетуі, құқық үстемдігін қамтамасыз етуі, Әділет органдары қызметкерлерінің кәсібиліктері мен күш-жігерлеріне тікелей байланысты.

Әділет органдары күнінің 32 жыл толуына орай, барша әріптестерімді құттықтай отырып, мықты денсаулық, әр отбасына бақ-береке, әділет жолындағы қызметтеріне табыс тілеймін!

Д. ҚАЛИБЕКОВ,

«Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы.

Туризм

Виды туризма, также познавательный тур

№ 6 Лесного питомника «Жонгар Алатауского ГНПП»

Протяженность туристского маршрута «Лесной питомник» составляет 0,5 км. В лесном питомнике имеется четыре места отдыха, оборудованные всем необходимым для отдыха посетителей и туристов, имеются специально отведенные места для приготовления пищи. Беседки накрыты навесами, места отдыха хорошо освещены светом. Так же по маршруту «лесной питомник» оборудовано место с лебедями и бассейном для фото и видео съемок молодоженов. Так же по маршруту можно наблюдать прекрасные виды на посадки лиственных и хвойных деревьев лесного питомника.

Посещайте туристский маршрут «Лесной питомник» тел: 5 – 40 – 39. Также есть такие распространенные виды как:

1. Рекреационный туризм отличается большим разнообразием и может включать зрелищно-развлекательные программы, охоту, рыбалку, музыкальное и художественное творчество, посещения спортивных мероприятий в качестве зрителя и т. д.

2. Лечебно-оздоровительный туризм обусловлен потребностью в лечении различного рода заболеваний и оздоровлении организма после перенесенных заболеваний. Здесь можно говорить о турах с исключительно лечебной целью, для лечения каких-либо тяжелых заболеваний, реабилитации после травм, аварий, операций и турах лечебно-оздоровительных, с целью поддержания молодости, красоты и здоровья, снятия стресса и усталости.

3. Познавательный туризм (экскурсионный) включает в себя поездки с целью ознакомления с природными и историко-культурными достопримечательностями, музеями, театрами, традициями народов в посещаемой стране. Поездка может включать в себя и познавательные и рекреационные цели одновременно.

4. Деловой туризм охватывает путешествия со служебными или профессиональными целями без получения доходов по месту временного пребывания. К этому виду туризма ВТО относит поездки для участия в съездах, научных конгрессах и конференциях, производственных совещаниях и семинарах, ярмарках, выставках, салонах, а также для проведения переговоров и заключения контрактов, монтажа и наладки оборудования.

5. Спортивный туризм предполагает выезд для проведения спортивных мероприятий в тех или иных странах и регионах. Его, в свою очередь, можно подразделить на профессиональный и любительский туризм. Как «специальные виды туризма» нас интересуют любительский туризм, который можно подразделить на зимний и летний, а также водные, воздушные, пустынные и горные виды спорта.

6. Этнический туризм преследует цель посещения места рождения или происхождения семьи, а также посещения места жительства родственников и/или близких. Этот вид туризма носит название ностальгического. Особое приоритетное значение этот вид туризма имеет для стран, где проживают большие диаспоры первоначально родом из других стран.

7. Религиозный туризм основывается на религиозных потребностях людей различных конфессий. Религиозный туризм можно назвать древнейшим, его корни уходят в незапамятные времена. Он имеет две основные разновидности: паломнический туризм (отдельно следует выделить духовно-паломническое направление) и религиозный туризм экскурсионно-познавательной направленности. Религиозный туризм в отдельных конфессиях имеет свои особенности.

8. Транзитный туризм в соответствии с рекомендациями ВТО включает две разновидности:

о перемещения авиопассажиров, которые не въезжают в страну, а лишь делают пересадку на стыковочный рейс;

о перемещения туристов, которые едут к месту конечного назначения с небольшой остановкой для стыковки рейсов в третьих странах.

9. Образовательный туризм предполагает туры продолжительностью от 15 дней до 3 месяцев с целью повышения квалификации либо углубления знаний по тем или иным дисциплинам. Наиболее популярными в настоящее время являются образовательные туры с целью изучения иностранных языков или углубления знаний иностранного языка.

Е. АБДУЛЛАЕВ,

государственный инспектор обхода № 12 РГУ «Жонгар Алатауский» ГНПП.

Ғибратты әңгіме

Ертеде егіншілікпен айналысатын екі бауыр өмір сүріпті. Үлкені үйленген, балалы-шағалы болса, кішісі жалғызбасты бойдақ екен. Алайда олар соған қарамастан жыл сайынғы егін өнімін өзара тең бөлісіп отырады екен. Күндердің бір күнінде кіші бауыр: «Мен осы не істеп жүрмін? Ағам болса жанұялы, балалары көп. Ал мен жалғызбын. Ішіп-жеміме көп кетпейді. Онымен өнімді бұлайша тең бөліп жүргенім еш әділдікке жатпайды ғой», - деп, сол түні қамбасынан бір қап дән әкеліп, ағасының ұрасына білдірмей төгіп кетеді. Осы әдет бірнеше күнге жалғасады.

Осы күндері ағасы да інісінің жайын уайымдап, ойға кетеді. «Мен осы не істеп жүрмін? Менің сүйеу болар әйелім мен жәрдемдесетін балаларым бар. Ал інім жалғыз. Оған болашағын реттеп, жағдайын жасау үшін көбірек өнім керек емес пе?!», - деп, ол да әр түні білдірмей інісінің қамбасына бір қап дәннен таси бастайды.

Осы сарынмен арада біраз уақыт өтеді. Алайда екеуі де қанша күн өтсе де өз ұраларындағы дәннің ортаға қоймайтынын байқайды. Сол күні түнде екеуі де өз қамбаларын тексеруге шыққанда кенеттен бір-біріне жолығып қалады. Жағдайды бірден түсінген олар қолдарындағы қаптарын тастай салып, көздеріне жас алған күйі құшақтаса кетеді.

Кеңпейілдік деген – бұл өмірде хош иісті әтірдің ыдысы секілді болу. Ол ішіндегісінің барлығын өзгелерге сыйлап, босап қалған күйде де жағымды иісінен ажырамай тұрады.

Жамантас шатқалы. Жыланды ауылдық округіне қарасты Көкжар ауылының оңтүстігіне қарай орналасқан үлкен жайлау. Жазда мал шығады жайылымға ыңғайлы жер. Табиғаты көрікті. Шөбі қалың, ылғалды жер. Қарағай, самырсын, қайың, ұшқат ағаштары өседі. Бұғы, аю, суыр, ақ тиын, қоян өмір сүреді. Жамантас шатқалы «Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ Алакөл филиалы Көкжар орманшылығының аумағында орналасқан. Филиал бойынша үш туристік бағыты бар, соны бірі №13 Жамантас шатқалы. Қабанбай ауылы – Жамантас тауы-Жамантас тауының жоғары жағы – Жамантас шатқалы- Лепсі өзенінің жоғары жағы –Қайрақты өзені жүріп өтуге болады. Маршруттың ұзақтығы: Жалпы көлемі: 106 км. көлікпен. Ұзақтығы – 2 күн. Маршруттың жұмыс істеу мерзімі: маусым – қыркүйек (мерзімнің басы мен аяғы климаттық жағдайға тәуелді өзгеруі мүмкін).

Қатысушылардың жиналатын орны мен көліктің жіберілетін бекеті Қабанбай ауылы Алакөл филиалының әкімшілік ғимараты Жоңғар-Алатауы мемлекеттік

Жамантас шатқалының әдемі көрінісі

ұлттық табиғи паркі. Берілген маршрут бойынша көлік жүйесі Қабанбай ауылынан Лепсі ауылына дейін көлік жүретін жарамды жолдар болса, ары қарай ойпатты жолмен Көктөбе тауына көтеріліп кесімді жолда әдемі әсем көрініс көрінеді. Лепсі шатқалынан ары қарай Көктөбе тауынан ойлы жолға түсіп жоғарыдағы Жамантас тауына көтерілеміз. Ерекше таулы тастарымен таңқалдырады. Бұл жер арнайы таулы әдемілік, тар жолдар, керемет пейзаждар, құстардың ән айтуы ұнайтын адамдарға



арналған. Жамантас тауы. Үйгентас өңіріндегі Лепсі ауылдық округіне қарасты тау. Лепсі ауылынан 39 шақырым қашықтықта орналасқан. Жергілікті халықтың айтуынша Жамантас аталуының себебі жолы жаман, тастары қиыршық, атты адамға жүру қиын болған, сол себебі жамантас аталып кеткен. Ерекше және экологиялық таза ауа, құпия қиын қол жетпейтін табиғат, біздің қазіргі әлемде сирек кездеседі. Жамантас шатқалының таулары ерек-

ше. Сарымсақты өзен аңғарының айналасында жұмыртқа тәріздес үлкен тастар шашылып жатыр.

Лепсі, Жамантас, Сарымсақты және Қайрақты өзендерінің алқабы болып табылады. Лепсі ауылынан Көктөбе тауының шыңына дейін шырша – майқарағай орман белдеуінің көркем пейзаждары қаралады. Көктөбе биіктігінен Жамантас тауының көрінісі ашылады. Жамантас шатқалында туристер әртүрлі формалар мен өлшемдерді ерекше жартасты бөгелулерге ұшырауы мүмкін.

Бұл бағыт экологиялық ағарту мақсаттарына сәйкес келеді, ұлттық парктің табиғи ерекшеліктері мен объектілерін көрсетеді, туристік-экскурсиялық, ақпараттық болып табылады, Жоңғар, Жетісу Алатауының табиғи және тарихи ерекшеліктерін сипаттайды.

Г. ЖАМАНБАЛИН,
«Жоңғар-Алатауы» МҰТП
РММ Алакөл филиалы Үйгентас
орманшылығының мемлекеттік
инспекторы.

Мемлекеттік қызмет - абыройлы міндет

Мемлекетке адал қызмет ету – өз елінің патриоты болу. Мемлекетке адал қызмет етудің ең үлкен дәлелі – адамның өз елін сүйетін патриоты болуынан көрініс табады. Жалпы мемлекетке адал қызмет пен патриот болу – ажырамас егіз ұғым.

Қызметші осы қағиданы еш уақытта ұмытпауы тиіс. Халыққа жақын болып, кез келген жағдайда «қара қылды қақ жаратын» әділ болулары қажет. Олар елдің мүддесін бірінші орынға қоятын, тез әрі дұрыс шешім қабылдай алуы міндетті. Себебі, әлеуметтік-экономикалық, қо-



ғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы тікелей мемлекеттік қызметке байланысты. Нақты айтатын болсақ, ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер

болу – жауапты міндет. Өйткені, ол қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

Қазіргідей күрделі кезеңде мемлекет алдында тұрған өзекті шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер екендігін ескерсек, бұл тұрғыда мемлекеттік қызметшілер басқаларға өзінің ісімен, білім-білігімен, тәжірибесімен ғана емес, әділдігімен, қарапайымдылығымен, сабырлығымен, отан сүйгіштігімен, қызметте қажыр-қайратымен және кез-келген ортада үлгі болуы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің бойынан Абай бейнелеген «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» көрініс табуы қажет. Бұл қасиеттер мемлекеттік қызметшінің кәсіби және тұлғалық дамуына айтарлықтай ықпал ете алады деп білемін.

Е. ҚЫДЫРЖАНҰЛЫ,
«Сарқан ауданының Қарабөгет
ауылдық округі әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінің
бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

► Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады. Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үй және 8 қанатты кіші қазақ үй, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. Бағасы 20 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.

► Демесинов Самат Амангельдыевичтің атына ҚР ИІМ-нен 01.06.2015 жылы 038002395 нөмірімен тіркелген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.